



KORKYT ATA
UNIVERSITY

<https://korkyt.edu.kz/>

SYR

student jastar gazetі

TÚLEGI

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№14 (439) 24 қазан, 2023 жыл

ҚҰРМЕТТІ ҚАУЫМ! ҚЫМБАТТЫ ЖАСТАР!

Баршаңызды ел тәуелсіздігінің бастауы болып табылатын ұлттық мерекеміз – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шешімімен 2022 жылдан бастап еліміздің Егемендік күні басты мереке ретінде бекітілді.

1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы Декларация қабылданды. Бұл құжат еліміздің, халқымыздың еңсесін тіктеп, ұлттық рухының көтеріліп, жаңа деңгейге қадам басуына жол ашты. Біз бабалар аңсаған азат елге айналдық.

Сіздерді Республика күнімен құттықтай отырып, еліміздің тұрақты дамуы мен өркендеуі жолындағы барлық қадамдарыңызға сәттілік, бастамаларыңызға табыс, жанұяларыңызға бақ-береке, шаттық пен қуаныш тілеймін!

Бүгінгідей абыройлы да айбынды, беделді де берекелі, ынтымағы мен бірлігі жарасқан еліміздің көк байрағы мәңгілікке ашық аспанда асқақтай берсін!

Кітапхана – білім кілті!

ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 18 қазан № 833 қаулысымен «24 қазан - Кітапханашылар күні» болып бекітілді. Қасиетті қазынамызды көздің қарашығындай сақтап, насихаттап, ел игілігіне жаратып жүрген кітапханашылар - ең қажет, абыройлы мамандық иелері. Бүгінде кітапханашылар - білім, ғылым, өнер мен мәдениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосып, өркениетті елге айналуымыздың негізін қалауда, оқырмандардың білімге деген сүйіспеншілігін тәрбиелеп, әлемдік ғылыми құндылықтарға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін тынбай еңбек етуде.

Ғылыми кітапхананың жұмысы университеттің оқу және ғылыми процестеріне ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсетудің сапасы мен оның нәтижелілігін арттыруға бағытталған. Кітапхана қоры жыл сайын білім беру бағдарламаларының заманауи талаптарына сай оқу құралдарымен, мерзімді басылымдармен және электрондық ресурстармен толықтырылып отырады.

Студенттер сарайында орналасқан OPEN SPACE кітапханасы білім алушылардың рухани орталығына айналып, жаңа мазмұнды әдебиеттермен толығып, оқырмандарға қызмет көрсетуде.

Биыл екінші рет тойланып жатқан кәсіби мерекеміздің қарсаңында барлық кітапханашыларды мерекелерімен құттықтай отырып, зор денсаулық, кәсіби шеберлік, руханият игілігі жолындағы еңбектеріңізге шығармашылық табыстар тілеймін!

Гүлмира САТБАЕВА
Қорқыт Ата атындағы ҚУ ғылыми
кітапхана директоры



ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС...

Қазіргі заман ағымының тым жеделдеп кеткені жиі айтылып жүр. Бұл өзгеріс қоғамның қай саласына болса да әсерін тигізбей қоймасы анық.

Ендеше, қоғамдағы жетекші - жоғары білім беру саласын да бұл жаңашылдық айналып өтпейтіні сөзсіз. Жоғарғы оқу орындарының қаншалықты қарқынды дамып келе жатқандығын анықтамақ мақсатта университетіміздегі аға буын оқытушы мен жас буын оқытушы арасында бірдей сауал тастаған едік. Екі буын сұхбатынан ой түйіп, уақыт айырмасын ажыратуды оқырманның өзіне қалдырдық.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, «Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» БББ доценті, Қорқыт Ата атындағы Алтын медальдің, «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері Жайлауова Манат Кеңесқызымен сұхбат:

- Сізді бұл мамандыққа не қызықтырды?

- Маған қатысты бұл сұрақты «не қызықтырды?» деп емес, «кім қызықтырды?» деп қойған дұрыс болар.

Мен қазіргі Сырдария ауданы, №130 Абай атындағы орта мектептің табалдырығын аттағанда білім әлеміне жол көрсеткен алғашқы ұстазым – ұстаздар әулетінен шыққан Гүлжамал Дәулетова болды. Ұстазымның жоғары адамгершілігі, білімділігі, шәкірттерімен, олардың ата-аналарымен тіл табыса білуі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, жауапкершілігі, жанашырлығы, жүрген жүрісі, киім киісі, сөйлеу мәнері, мәдениеттілігі – бәрі-бәрі маған қатты ұнайтын. Гүлжамал апай мен үшін идеал мұғалім болды, өзінің бүкіл болмысымен менің бойымдағы жақсы қасиеттердің қалыптасуына ықпал етті.

Жамал әжем мен ата-анам менің атам Жайлаудың соғыс басталғанға дейін ауылда мұғалім болып қызмет еткенін айтып отырушы еді. Сондықтан да болар, бастауыш сыныптарда «Кім болам?» деген тақырыпта шығарма жазған кезде «Ұлы Отан соғысы жылдарында Воронеж қаласы маңында болған қиян-кескі ұрыста қаза тапқан Жайлау атам, Гүлжамал

апайым сияқты мұғалім боламын» деп жазып-пын.

- Оқытушылар кафедрала не істейді?

- Біздің «Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» БББ психологиялық, педагогикалық пәндер бойынша қызмет көрсетуші БББ болғандықтан, көбінесе профессор-оқытушылар корпус аралап, сабақ береді. Білім алушылармен түрлі тақырыпта тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылып отырады. Жас мамандардың БББ бойынша ғылыми-әдістемелік семинарда баяндама жасап, ғылыми мақалалар дайындауына тәжірибелі ұстаздар көмектеседі.

Олардың жетекші профессор-оқытушылардың сабақтарына қатысып, өзара тәжірибе алмасуларын құптаймын. Қатысқан сабақтарын салыстырып, ұтымды жақтарын келешекте өзі өткізетін ашық сабақта пайдаланса деймін. Жас маман ешқашан білмегенін сұраудан ұялмағаны жөн.

- Студенттерді білім алуға ынталандыратын тәжірибеңізбен бөлісе отырсаңыз.

- Психология ғылымында мотивация - адамның алға қарай ұмтылуына, талпынуына көмектесетін, қазір кең қолданылып жүрген ұғым. Мен өз білім алушыларымды қалай ынталандырамын? Мен 80-нен аса білім алушыдан тұратын лек болса да, олармен топтық жұмыс ұйымдастырамын. Әр топ өздеріне берілген сұрақ төңірегінде бірлесіп отырып, ізденіс жасайды. Дайындаған топтық презентацияларын көпшілік алдында қорғайды, осылайша олар өздерінің жұмысын басқалардың жұмысымен салыстыра алады. Білім алушының аудитория алдында өз ойын жеткізе білуіне, сөздік қорын байытуына, басқаларды тыңдай білуіне, басқалардың пікірімен санаса білуіне айрықша назар аударамын. Ойсергек ретінде психологиялық жаттығуларды, тренингтерді пайдаланамын.

- Ұстаздық жұмыс барысында кездесетін қиындықтар қандай?

- Менің ойымша, ұстаздық жұмыс барысында кездесетін қиындықтарға:

Жалғасы 6 бетте



Құрметті Қорқыт Ата атындағы университет ұжымы!

Сіздерді 25-қазан Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстан Республикасына деген әрбіразаматтың мақтанш сезімі мереке кезінде қалай болса да шалқитындай реті бар. Ата - бабаларымыздың

ғасырлар бойы аңсап өткен Тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері еліміз талай – талай асқарлы асуларды бағындырды.

Өтпелі кезең ауыртпалықтарын бастан өткізіп, оңай тимеген экономикалық, саяси реформалар жүзеге асырылды. Қазақстанды бүгінде әлем жұртшылығы нарықтық экономика – демократиялық ел ретінде таниды.

Әлемдегі саяси ахуал тұрақсыздығына қарамай, елімізде халықтар достығы жақсы сақталып келеді. Ол жетістікте зиялы қауым, Университет ұжымының еңбегі елеулі екендігін атап өткен жөн.

Ел бірлігін сақтауда татулықтың үлкен байлық екендігін бүгінде Қазақстан халықтарының барлығы айқын сезінеді. Біз туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатты артыруға, оның игілігіне, халықаралық қоғамдастықта абыройының өсуіне адал қызмет етуге парыздармыз.

Құрметті Қорқыт Ата атындағы университетінің ұжымы! Осынау айтулы мереке Республика күнінде бейбіт елде тұрып, білім белестерін бағындыра берулеріңізге, еліміздің аман, жұртымыздың тыныштығында жарқын күндердің куәгері болуды жазсын деп тілеймін!

Жасұлан ШЫНТАСОВ

Университеттің 2003 жылғы түлегі,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Қызылорда облысы бойынша департаментінің
басқарма басшысы



Құрметті де қадірлі Қорқыт Ата атындағы университет ұстаздары!

Сіздерді Қазақстанның әр азаматы үшін айтулы - Республика күнімен құттықтаймын! Бұл күн егемендікке нық қадам жасалған тарихи күн. Сіздерге игілік пен бақыт, бақ-дәулет тілей отырып Қазақстанның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолындағы еңбектеріңіз табысты болып, барлық бастамаларыңыз сәтті болсын демекпін. Еліміздің мәртебесі биіктеп, әлемге шарықтай берсін деген ыстық ықыласымды жеткіземін.

Динара ИБАДУЛЛАЕВА

Университет түлегі, Сырдария аудандық мәслихат депутаты, Қоғалықол КМҚК басшысы, “Мейірім құшағы” әйелдер, балалар және отбасы жөніндегі комиссиясының Қызылорда облысының төрайымы



Қазақстан халқы 25 қазан – Республика күнін қайтадан атап өте бастады.


Тәуелсіздік алғаннан бері Қорқыт Ата университеті Республикамыздағы заман талабына сай дамып, бүгінде халқымызға дәйекті білім беріп, тәрбиелеп, сара жолға салған, өзіндік брэнді қалыптасқан білім мен ғылымның қара шаңырағына айналды, материалдық-техникалық базасы күн санап дамыған білім ордасы, оқу үдерісін де жаңа технологияларға сай ұйымдастырып, студенттерге сапалы білім беру ісін жүргізіп отыр.

Осындай елімізбен қатар даму үстінде келе жатқан университет ұстаздарын, профессорларын айтулы мерекемен шын жүректен құттықтаймын!

Ізденістерге толы ізгі еңбектеріңіз арқылы әрқашан абырой биігінен көрініп, игі мұраттарға жете беріңіздер!

Абылай САМЫРАТОВ

Университет түлегі, Қызылорда облыстық Еңбек мобильділігі орталығы КММ-нің бөлім басшысы



Қадірлі Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы!

Сіздерді 25 қазан Қазақстанның Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Еліміздің даңқы мен абыройы асқақтай берсін. Байтақ жеріміздің аспаны әрқашан да ашық болғай! Дамып, өркендеп, 30 елдің

қатарынан көрініп, жұртымыз тыныш, егемен еліміз аман болсын. Көк туымыз көгімізде желбіреп, Жаратқан жерімізде бейбіт күнін мәңгі етсін!

Әсел ИДРИСОВА

Университет түлегі, М.Қалауов атындағы Қызылорда қалалық Өнер мектебі Хореография бөлімінің зерттеуші санатындағы педагог-хореограф, Қазақстан хореографтар одағының мүшесі



Құрметті Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессор-оқытушылары, білім алушылары және университет түлектері!

Баршаңызға 25 қазан - Қазақстанның Республика күнімен құттықтаймын. Жаңа Қазақстанның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолындағы

еңбектеріңіз табысты, барлық бастамаларыңыз сәтті болсын.

Әр үйге және әр отбасына мықты денсаулық, бақытты әрі жайлы өмір тілеймін! Отанымыз – Қазақстан Республикасы өркендеп, гүлдене берсін! Ұлттық мерекеміз – Республика күні құтты болсын!

Багила БАЕКЕЕВА

Университет түлегі, «Ханшайым» ЖК директоры, «Korkyt ata endowment» корпоративтік қорының қамқоршылық кеңесінің мүшесі

KYZYLORDA HUB: ЖАҢА БАСТАМА

Жалғасы 3 бетте

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің бизнес-инкубаторы мен Қызылорда облысы ақпараттық-технологиялар орталығының базасында стартаптар мен новаторларды қолдау және дамытуға арналған Kyzylorda Hub бизнес-инкубаторы ашылды. Орталық Astana Hub халықаралық стартаптар технопаркінің өңірлік базасы ретінде жұмыс істейді.

Осы орайда, сәуір айында жұмысын бастаған хабтың жаңалықтарына тоқталуды жөн көрдік.

Алғашқы шара кәсіпкерлік дағдыларды қалыптастыру, инновациялық және өңірлік маңызы бар стартап жобаларды қолдау мақсатында ұйымдастырылған «Startup Talarker» жобалар байқауы. Сайысқа мектеп және колледж түлектері қатысты. 3 кезеңнен тұратын байқаудың алғашқы кезеңіне қатысуға 50-ге жуық команда өтінім беріп, финалдық кезеңге 12 жоба өтті. Нәтижесінде жеңімпаз жас стартаперлерге университет гранты табысталды.

Жастарға арналған шаралар жалғасын тауып, білім алушылармен кездесулер, ақпараттық компаниялармен қатар тегін курстар ұйымдастырылды. Сонымен бірге, орталық SeoulTech пен университет арасындағы ынтымақтастық аясында «IT, жасанды интеллект және киберқауіпсіздік бағытындағы инкубация бағдарламасы» атты meetup өткізіп, AI high by SeoulTech мектебінің өкілдерімен кездесті.

Тамыз айынан бастап «Startup Joly» инкубациялық бағдарламасы бойынша оқыту жұмыстары басталды.

«Startup Joly» – инновациялық стартаптар мен кәсіпкерлік бастамаларды қажетті ресурстармен қамтамасыз етуге, кәсіпкерліктің әртүрлі аспектілері, соның ішінде идея, маркетинг, сату және құқықтық мәселелер бойынша дағдыларды арттыруға бағытталған бағдарлама.

Екі маусымға жоспарланған бағдарламаның алғашқы легі қыркүйек айында сәтті аяқталды. Бағдарламаға қатысуға 135 адам өтінім беріп, 57 жоба қабылданды. Инкубация қатысушылары жеке жұмыс жасау мүмкіндігіне ие болып, маңызды тақырыптар бойынша тегін 16 семинарға қатысты. Бағдарламаның екінші маусымы 25 қыркүйек пен 27 қазан аралығы. Оқытуға 40-тан астам жастар қатысуда.

Курстар мен кездесулерден бөлек байқаулар да өз кезегімен ұйымдастырылуда. Қыркүйек айында «Demo Day» инновациялық жобалар байқауы өтті. Қазылар алқасына 26 жоба таныстырылды. Жобалардың қатарында QR көктас, VR-платформадағы киберспорт, ақылды тоназытқыш, көмір күлінен бағалы металдарды алу және өндіру, органикалық косметика, Digital Oner Academy, Open garden сияқты жобалар бар.

Жобалар сайысында Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхамед Сыздықов, Қызылорда облысы әкімі аппараты цифрлық технологиялар бөлімінің басшысы Сәбит Ибадулла, Қызылорда облысы кәсіпкерлер кеңесінің төрағасы Ерлан Райымов, Байқоңыр жобалық басқару департаментінің директоры Индира Сансызбайқызы, кәсіпкер, университеттің аға оқытушысы Мұрат Смайлов, Байқоңыр ӘКК АҚ жобалық басқару департаментінің бас сарапшысы Олжабай Айдын, кәсіпкер, университеттің аға оқытушысы Абай Шайнуров және “Мансап” мектебінің директоры София Абдуразакова ұсынылған жобалардың бағасын берді.

Қазылар алқасының шешімімен Раушанбек Бейбарыс “Educopter” жобасы үшін 500 мың теңге иеленді. Ал, “Dmenu” жобасын таныстырған Тұрсынбай Елдос пен Ахметов Бауыржан 300 мың теңге, “ecoDabyl” жобасымен Мұңайтпасова



*Абизов Ділмұхамед
Мнуарбекұлы*

86 жылдық тарихы бар университет түлектерінің қоғамның барлық саласында қызмет атқарып, қоғам дамуына өзіндік үлесін қосып жүргені анық. Олардың ішінде басшылық қызметте, мемлекеттік орындарда, өз кәсіптерін дөңгелетіп жүргендер де, өз саласының майталман мамандары да жетерлік.

Солардың бірі ғана емес бірегейі, өз саласындағы іскерлік қабілетімен есімі алыс-жақын шет елдерге таныс болып, өз өнімдерімен қамтамасыз ету барысында көпшіліктің ықыласына бөленіп жүрген «DALATEX» ЖШС жетекшісі Абизов Ділмұхамед Мнуарбекұлы да осы оқу орнының студенті болған, өз шәкіртіміз.

Кәсіпкерлер тәуелсіз мемлекетіміздің негізгі қозғаушы күші десек, Республика күні қарсаңында университет түлегі, еліміздегі белгілі кәсіпкер Ділмұхамед Мнуарбекұлымен сұхбаттасудың сәті түсті.

- Егемен ел болғалы көптеген реформалар жүзеге асырылуда. Соның ішінде кәсіпкерлерге де түрлі міндеттер жүктелуде. Сіздің өзіңізге көмегі тиген, ұтымды болған қандай жүйені атап айтар едіңіз?

- Еліміз егемендік алғаннан бері көптеген өзгерістердің куәсі болып келеміз. Бұл реформалар ел экономикасының әрбір саласына тың серпін әкелді. Кәсіпкерлік саласы да осынау маңызды реформалардан тысқары қалмады. Кез-келген мемлекет кірісінің басым бөлігін бизнес субъектілері қалыптастыратыны белгілі. Осы орайда соңғы онжылдықта мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті, жаңа бастамаларды қолдау және дамыту, өңдеуші саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында көптеген түрлі жобалар іске асырылуда. Атап көрсетер болсам:

КЕЗ-КЕЛГЕН ЕҢБЕК ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТКІЗЕДІ

1. Мемлекеттік және квазимемлекеттік сатып алу жүйесі;

2. Кәсіпкерлерге берілетін жеңілдетілген несиелер;

3. Кәсіпкерлерді тексеруге қатысты 3-жылдық мораторий;

4. Жаңа кәсіп ашуға мемлекет тарапынан берілетін қайтарымсыз қаражаттар және т.с.с.

- Қоғамның қозғаушы күшіне айналған кәсіпкерлердің отансүйгіштігі қандай деңгейде деп ойлайсыз?

- Әрбір ел азаматының отансүйгіштігі тал бесіктен басталады. Өзім танып-біліп жүрген кәсіпкерлердің басым бөлігінің отансүйгіштігі жоғары деңгейде деп айтар едім. Қандай жағдай болмасын кәсіптеріне деген сүйіспеншілігі, тек өздерінің қалтасын ғана емес, қол астындағы жұмысшыларының әлеуметтік жағдайын ойлап тұруы, сонымен қоса өздері кәсіптерін дөңгелетіп отырған аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосып жатқан үлестері соның дәлелі деп есептеймін.

- Кәсіпкерліктің қиындығы мен тиімділігіне тоқталып өтсеңіз?

- Бизнесі жүргізу оңай емес. Кез-келген кәсіптің өз қиындығы мен жақсы тұстары болады. «DALATEX» компаниясы жеңіл өнеркәсіп, соның ішінде тігін саласында жұмыс жасайды. Біздің кәсіптегі ең қиыны білікті жұмыс күшінің жетіспеушілігі, отандық шикізаттың болмауы деп есептеймін. Жұмысымызды кеңейтуге байланысты жоспарларым көп. Алайда жұмыс күшінің, яғни тігіншілердің, білікті конструктор-технолог мамандардың жетіспеушілігі жоспарларымызды тежеп тұрады. Ал тиімді тұсына келетін болсақ, ол өз ойындағы армандарды іске асыру, адамдарды қуанта білу мүмкіндігі деп ойлаймын.

- Сіздің өніміңіздің бәсекелестерден айырмашылығы қандай?

- Қазіргі уақытта фабрикамыздың өнімдерін бүкіл Қазақстан тұтынады, көптеген ірі мұнай-газ компанияларымен, қорғаныс және құқық қорғау саласының көптеген мемлекеттік құрылымдарымен тығыз жұмыс жасап, тапсырыстарын уақытылы орындап отырмыз. Өнімдерімізге деген сұраныстың жылдан жылға ұлғаюы, біздің шығаратын жеңілдіктерімізді арнайы басқа қалалардан іздеп келіп, сатып алуы бізді қуантады.

- Бизнесі дамыту тәжірибеңізбен бөлісе аласыз ба? Жарнаманың қандай

түрлерін пайдаланған дұрыс?

- Мен кәсіпкерлікпен жас кезімнен айналысамын. Дайын өнімді сатып әкеліп сауда жасаудан бастап, қазіргі уақытта өз брендімді қалыптастырдым. Ешқашан бір орында тұрған емеспін. Үнемі ой үстінде жүремін. Еліміздегі ғана емес, әлемдік экономика және бизнес, өндіріс саласында болып жатқан өзгерістерді үнемі бақылап отырамын. Түрлі көрмелерге тек қатысушы ғана емес, жаңа идея алу үшін, көрермен ретінде жиі барамын. Техника мен технологияда болып жатқан өзгерістерді өз кәсібімде қолданамын.

Қазір әлеуметтік желілердің заманы болғандықтан, тұтынушыларымыздың басым көпшілігі сол әлеуметтік желілерді қолданады. Сондықтан негізінен Фейсбук, инстаграмм арқылы жарнама жасаймыз. Өзіміздің клиенттік базамыз қалыптасқан. Ватсапта арнайы чатымыз бар. Сонда жаңа шығарылған өнімдерімізді жүктеп отырамыз.

- Қазірде «бизнес-мектептер» көптеп ашылуда. Осы тұрғыдағы ойыңыз қандай? Жаңадан кәсіп ашатын жастарға қандай кеңес берер едіңіз?

- Ия, «бизнес-мектептер» түрлі тренер-коучтар көп. Алайда олардың осы саладағы тәжірибесі қандай екенінде күмәнім бар. Менің ойымша, бизнесті осы салада тәжірибесі бар, жетістікке жеткен өз ісінің мамандары үйреткен жөн деп ойлаймын. Себебі олар нақты өз тәжірибесінде бизнесті ашу, жүргізу барысында қандай қиындықтар кездесетінін, оларды қалай еңсеруге болатынын, қандай саланы таңдау керек, қалай дамыту керек екенін түсіндіріп, үйрете алады.

Жаңа кәсіп ашып, өз бизнесін бастағысы келетін жастарға бірнеше кеңесім бар:

1. Кез-келген бизнесті бастамас бұрын, нарықты, тұтынушылардың қажеттілігі мен қалауларын нақты зерттеу қажет;

2. Бизнес-идеяны нақты айқындап, оны қаржыландыру және іске асыру тұрғысында жоспарын жасап алу қажет. Яғни, сауатты бизнес-жоспар жасау керек.

3. Және қорықпай алға қойған мақсатқа жету үшін тапжылмай еңбек ету керек.

Кез-келген еңбек жетістікке жеткізеді деп ойлаймын. Сәттілік тілеймін жастарға!

- Рақымет!

Сұхбаттасқан:
Гүлшат ДҮЗЕЛБАЕВА
Түлектер қауымдастығының төрайымы

KYZYLORDA HUB: ЖАҢА БАСТАМА

Басы 2 бетте

Жұлдызай мен Тұрғанбай Раушан 200 мың теңге жүлдені қанжығаларына байлады. Инновациялық жобалар байқауы қазан айында тағы бір мәрте ұйымдастырылады.

Енді, алдағы жоспарларға шолу жасасақ.

Pecha Kucha Night Qyzylorda

Жапондық әдіс бойынша өтетін басқосуда білім, ғылым, IT және кәсіпкерлікке байланысты түрлі тақырыптар қозғалады. Pecha Kucha жапон тілінен аударғанда әңгімелесу дегенді білдіреді. Бұл – баяндамалар мен презентацияларды ұсыну кештерінің ерекше форматы.

Smart City Qyzylorda Hackathon 2023

Жастардың инновациялық жобалар мен ақпараттық технологияларға қызығушылығын арттыруға және стартап жобаларды дамытуға бағытталған байқау.

Google Dev Fest

Google Developer Group қауымдастығымен бірге ұйымдастырылатын, Google маман-

дарының қатысуымен өтетін конференция.

Inno. Fest Qyzylorda 2023

24 сағат ішінде идеядан прототипке дейін инновациялық жобалар жасауды мақсат ететін байқау. Бұл фестивалге жаңа жоба жасауға идеясы бар, бірақ оны жүзеге асыруға ресурстары жеткіліксіз кез-келген адам қатыса алады. Фестиваль форматы бойынша 24 сағаттың ішінде қатысушы идеясын прототип деңгейіне жеткізіп, қазылар алқасына таныстырады.

Пікірмен бөліссек...

«Қазір елімізде робототехника қарқынды дамуда және техникалық үйірмелер ашылып жатыр. Оқушылар, студенттер дайын заттарды пайдаланбай, өз қолдарымен құралдар жасағаны дұрыс. Осы мақсатпен Demo Day-ге “Educopter” атты оқу-жаттығу дрон жиынтығын әзірлеп әкелдім. Осы жиынтық арқылы кез келген адам өзінің алғашқы дронын құрастырып, бағдарламалай алады», - деді инновациялық жобалар байқауының

жеңімпазы Раушанбек Бейбарыс.

«Идеясы мен креативке толы жастармен кездесу болды. Қатысушылардың білімге құштарлығы қатты қуантады. Жалынды жастармен кездесулер ұйымдастыруды қолдаймын. Жастар – біздің болашағымыз», - деді облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Исатай Сәбитұлы.

«Кәусар» сабынын шығарумен айналысамыз. Кәсібімді кеңейту мақсатында инкубациялық бағдарламаға қатыстым. Қазіргі таңда өңір бойынша 400-ге жуық сауда нүктелеріне тауарымды өткізудемін», - деді «Startup Joly» бағдарламасының қатысушысы Денис Пак.

Kyzylorda Hub - стартаптар мен инновация ғана емес, бұл біздің өңір үшін жаңа бастаманың символы. Бизнес-инкубатор жас кәсіпкерлерді, стартаперлерді және өмірді өзгертуге тырысатын жастарды қолдайды. Сыр елінде инновациялық жобаларды бірге дамытайық!

Алия ТАДЖИБАЙ
Ж-21-1 оқу тобының студенті

ҰСТАЗҒА ЕҢ ҮЛКЕН БЫЙ-

Ғалым да, шахтер да бас иетін ұстаздық - өте қадірлі мамандық. Білгенін үйретіп, келешектің иелерін бағыттаудан жалықпайтын және сол қасиетінен өздері қанаттанып, қуат алатын оқытушылар қауымы зор құрметке ие жандар.

«Мұғалім мәртебесінің» мемлекеттік деңгейде көтеріліп, барынша қолдау көрсетіліп жатқандығының мәні де осында.

Өз кезегінде біз де кәсіби мереке қарсаңында университетіміздің «Үздік ұстаздарын» аз-кем әңгімеге тартқан едік.

1. Сізге жақсы ұстаз болуға қандай негізгі ерекшеліктер көмектесті?
2. Студенттеріңіз туралы не білесіз?
3. Оқу жылының басталуы сізге несімен ұнайды?
4. Толық оқып үлгерген соңғы әдеби кітабыңыз қандай болды?
5. Ұстаздың шәкірттерінен сабақ алатын кездері бола ма? Сіз шәкірттеріңізден не үйрендіңіз?
6. Оқытушы мамандығының оң, теріс жақтары қандай?

Бізге үлкендердің айтқаны заң болды

Ибадулла Айғалиұлы Тауменов, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, «Құрмет» орденінің иегері.

1. Ауыл мектебінде өте жақсы оқыдым, жастайымнан өсімдік шаруашылығына қызықтым, еңбектің арқасында кішкентай тұқымнан сонша көп өнім алуға болатыны таң қалдыратын. Институт бітірген соң мамандығым бойынша екі жыл өндірісте қызмет атқарып, саладағы кемшіліктерді байқаған соң ғылым арқылы шешу керек деп ғылыммен айналыстым. Алайда, ғылымда жаңалық жасағаныңмен, оның өндіріске енуіне көп кедергілер болатыны анықталды. Сондықтан жоғарғы оқу орнында кәсіби мамандар даярлап, шәкірттер арқылы аймақта өсімдік шаруашылығын дамыту қажет деп ойладым. Міне, отыз жылдан астам уақыт студенттерге көргенімді айтып, білгенімді үйретіп білікті маман даярлауға күш-жігерімді, білімімді салып жүрмін. Ең бастысы ел, қоғам алдындағы, ұрпақ алдындағы жауапкершілікті түсіну.

2. Қазіргі студенттер заманына сай азаматтар болып қалыптасып келеді. Агрономия білім беру бағдарламасына оқуға түскен студенттермен міндетті түрде оқу жылы басында кездесемін. Биылғы түскен 28 студенті бар оқу тобымен қыркүйек айында үш рет кездестім, бітірген мектебі жайлы, ҰБТ-да алған балы, тұратын жері, отбасы жайлы біліп, университеттің ішкі тәртібі, түскен мамандығы, тәрбие жайлы мағлұматтар беремін.

3. Оқу жылы университет ұжымы үшін жағымды жаңалықтармен басталды. Университеттің халықаралық рейтингте әлемдегі 1200 үздік университеттер қатарына қосылуы, ғылымы мен білімі жоғары деңгейде дамыған Оңтүстік Корея елімен бірлескен білім беру орталығының ашылуы, университетті таңдаған талапкерлердің санының көбеюі секілді жетістіктер ұжымның әрбір мүшесіне күш-қайрат, жігер береді. Үстіміздегі жылы агрономия мамандығын 12 студент бітірген болатын, орнына 28 грант

иегері бірінші курсқа қабылданды.

4. Ғалымның әдеби кітап оқуға қолы тие бермейді. Адамның дүниетанымын кеңейту үшін көркем әдебиеттің орны ерекше, бала күнімнен көркем шығармаларды оқуды әдетке айналдырғанмын, ғылыми жұмыстан шаршағанда қолға әдеби кітап аламын. Жерлесіміз, жақында ғана дүниеден өткен Әбдіжәмил Нұрпейісовтың «Қан мен тер» трилогиясын алғашқы оқығанымнан 50 жылдан соң қайтадан қолыма алып оқып шықтым.

5. Әрине, «Век живи, век учись» деген сөз бар. Адамның бар нәрсені білуі мүмкін емес, білмейтінім де, қате түсінетін жерлерім де болуы мүмкін, пендеміз ғой. Ондайда шәкірт демей, бала демей үйренуге болады. Біздің замандастарымыз үлкен кісілерді сыйлап, олардың айтқаны дұрыс болса да, бұрыс болса да орындап өстік. Қазіргі жастар алдына үлкен мақсат қойып, соның жолында бар мүмкіншілікті пайдалануға ұмтылады, бірінші өзінің жағдайын ойлайды, бұл да үйренетін нәрсе.

6. Оқытушы мамандығының жақсы, оң жақтары, әрине көп. Ой еңбегімен айналысу, көп іздену, көп білуге ұмтылу адам денсаулығына пайдалы, сондықтан да көпшілік жағдайда ғалымдар ұзақ жасайды. Шәкірттердің жетістіктеріне қуану, олардың қоғамның белсенді мүшесі, еңбек озаты, халықтың қалаулысы болғанын көрудің өзі бір бақыт. Теріс жағы демейін, қиыншылығы да баршылық, үнемі уақыт жетіспейді, білім беру, тәрбие, ғылыммен айналысу жас оқытушының жеке өміріне, отбасына көбірек көңіл бөлуіне кедергі келтіруі мүмкін.

Мамандығын құрметтеген шәкірт ерте біледі

Аман Мәделханұлы Абасилов, филология ғылымдарының кандидаты, социологист-ғалым, қауымдастырылған профессор.

1. Жақсы оқытушы, үлгілі ұстаз болу үшін ол адам алдымен мықты маман болу керек. Өз мамандығын игерген, оны құрмет тұта білген адам артынан шәкірт те ерте біледі. Осыған байланысты жақсы ұстаздың негізгі ерекшелігі шәкіртінің танымын ашатын теориялық білімді қарапайым тілмен және өмірлік тәжірибемен ұштастыра отырып бере білу деп ойлаймын.

2. Дәрісханаға кірерде: кімдерге сабақ беремін, олар дәрісті қалай қабылдар екен, дәрісті қалайша түсінікті, қызықты етуге болады, студенттерге әсер ете алдым ба? - деген толып жатқан сұрақтар ойында тұрады. Сондықтан алдында отырған студенттер туралы көп біліп, олармен жақын танысу керек. Тәжірибелі ұстаздардың көбі бұл жағын үнемі назарда ұстап отырады, содан олар адам жанын танитын инженер (психолог) болады.

3. Үш айға жуық демалыстан соң жұмысқа қосылу, әріптестермен, шәкірттеріңмен сағыныса көрісу, жаңа білім алушыларды қабылдау, әр оқу жылындағы жаңалықтар мен өзгерістер - барлығы да таныс, бейтаныс қызық. Сондықтан жаңа оқу жылын, білім күнін ерекше ұнатамыз, асыға күтеміз.

4. Биыл көркем әдеби кітап оқымадым. Есесіне бірнеше ғылыми мақалалар жазып, ғылыми жоба аясында ұжымдық ғылыми зерттеулермен айналыстым. Атап айтқанда, Ана тілі газетіне «Тіл саясаты: адамдар тілден нені өзгерткісі келеді?» (18.05.2023), «Ана

тілі деген не, ол қандай тіл?» (15.08.2023); Қазақ әдебиеті газетіне «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі жайында» (26.08.2023) атты көлемді ғылыми-танымдық мақалам және «Қазақстандағы тілдік ахуал: аймақтық ерекшеліктер және өзекті мәселелер» (21,9 б/т) деген монографиямыз жарық көрді.

5. Өмір болған соң бәрі де болады. Жалпы оқытушы, ұстаз деген біреуге бір нәрсе үйретем деп жүріп, өзі көп нәрсені біледі, меңгереді. Мен және менің қатарластарым кеңестік заманның түлегіміз, сондықтан кейде ойлауымыз бен сөйлеуіміз де солай қарай тартып кететіні жасырын емес. Сондайда шәкірттеріміздің азат ойлы көзқарастары мен ұсыныстарынан сабақ аламыз.

6. Өзіңнің қарым-қабілетіңе сай және қызығушылықпен таңдаған мамандықтың жаманы жоқ.

Ұстаз бен шәкіртті байланыстыратын-сенім

Сыздықова Мақпал Бархияқызы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор.

1. Жалпы, ұстаз болу үлкен жауапкершілікті, көп ізденуді талап етеді. Әр адамның өзіне тән қабілеті мен таланты бар. Ұстаз болу – бар біліммен бөлісуге болатын ерекше қабілет. Үйреткеннен, білім алушының үйренгенінен рахаттанбайтын адам баласы жоқ шығар. Барлық адамның бойында «үйрету» қабілеті болады, бірақ, мұғалімдікі тек өзгелерден әлдеқайда басым болуы тиіс. Абай атамыз айтқандай, «қоғамға біліміңмен емес мінезіңмен жағасың». Сондықтан, жастармен өз тілдерінде сөйлесе отырып, білім беруге тырысаың. Оқытушы болуға жалпы осы салаға деген қызығушылық, жұмысқа деген жауапкершілік көп көмектесті деп айта аламын.

2. Өз оқушыларымен мақтанатын ұстаздарды жиі кездестіреміз. Жалпы, сіз біліміңізбен бөліскен күні, әлемде бір бала болса да өзгеше ойлана бастайды. Қазір жастардың басым бөлігі ізденімпаз деп айта аламын. Кейде болады, студенттер өздеріне қызықты тақырыптарды зерттеуге көмектесуді сұрайды. Мысалы, былтырғы оқу жылында АЭ-22-1 тобынан Әлтаев Рамазан, СР-20-3 тобынан Әбибуллаұлы Нұрсұлтан, СР-22-1 тобынан Жұмабекова Нұрбибі және т.б. студенттермен ауқымды жұмыстар жасадық. Ол студенттер зерттеу жұмысының нәтижелерін студенттер арасында өткізілетін ғылыми конференцияда баяндама жасап, республикалық пәндік олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болды. Осындай білімді студенттер саны өте көп. Жалпы айтады ғой, «бала ата-ананы тәрбиелейді» деп, сол сияқты студент жастардан да үйренетін кездер болып тұрады.

3. Оқу жылының басталуы, бұл ерекше мереке. Өте қызықты, себебі жаңа серпіліс, көптеген жаңа студенттермен танысып, ой бөлісу сияқты ерекше сезімдерді бастан кешіресің. Оқу процесі негізі қызықты сәттерге толы болады. Жаңа оқу жылына жаңа жоспарлар жасап, тың ойлар пайда болады.

4. Соңғы оқыған кітабым «Философия – для тех, кто хочет все успеть» деген кітап. Бұл кітапта көптеген философтардың көзқарастары мен дүниетанымдарының жинағы берілген. Ерекшелігі, философиялық ілімдер мен бағыттардың қазіргі ғылыммен

ШӘКІРТІНІҢ ЫСТЫҚ ЫҚЫЛАСЫ

байланысы өте жақсы келтірілген. Кітаптың мазмұнынан тек ғылыми емес, өмірге қажетті қағидаттарды да оқи аласыз.

5. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» демекші, әрине, ұстаздан шәкірт озатын сәттер тарихтан да белгілі. Студенттермен пікірталастар, ой бөлісу кезінде мен білмейтін де мәліметтерді айтатын кездері болады. Бұл өте жақсы. Балалардың бойынан тек қызығушылықты оята білсеңіз жеткілікті, олардың өзі «былай етсек қалай болады?» деп ұсыныстарымен қасыңызға келеді. Тіпті, шаршаған сәтіңізде сізді алаңдатып, көңіліңізді көтеріп, қызықты оқиғаларымен бөлісе алады. Оқушылар мен ұстазды байланыстыратын нәрсе – сенімді қарым-қатынас. Студенттердің бойынан балалық сезіліп тұрады. Олардың бойынан тәуекелшілдікті, кез-келген жағдайдан шығып кету, бауырмалдық сияқты қасиеттерді көп байқаймын.

6. Оқытушы мамандығының оң тұстары, әрине жастарға бар білгенінді үйретесін. Студенттер нәтиже көрсете бастағанда, берген білімнің зая кетпегенін көрудің өзі бір бақыт. Әрине, кейде әттеген-ай дейтін тұстары да бар. Күнделікті күйбең тіршілікпен білімді жетілдіруге аз уақыт бөлетін кездер болады. Білім берудегі озық тәжірибелер жел сияқты өзгереді. Кейбір трендтер тез қабылданады, ал оларды меңгеру - тез қалыптаса бермейді. Оқытушының жаңа тәсілдерді үйренбестен, жоспарлауға, нұсқауға және бағалауға жеткілікті уақыт бөлуі керек болады. Оқытушылықтың осындай өзіндік уақытты талап ететін аздаған кемшіліктері бар.

Жастар оңтайлы жолдарды тез табады

Алмағамбетова Айгүл Алдажарқызы, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор.

1. Менің өскен ортам ұстаздар отбасы болды. Әкем бүкіл ауыл алдынан кесіп өтпейтін «мұғалім» деген киелі мамандықтың 45 жыл иесі болған, арына дақ түсірмей шәкірт оқытқан, өзі - Ұлы Отан соғысының ардагері. Біз де әкеміз Алмағамбетов Алдажардың жолын жалғаушылармыз. Бір отбасынан 6 мұғалім әр салада қызмет етеміз. Осы мамандықтың абыройлы иесі болу үшін еңбекқор, шыдамды, ізденімпаз, адал болу керек деп ойлаймын.

2. Студенттер әр үйдің үкілеген үміті, бізге болашағын аманаттап отырған ұрпағы. Мен білім берумен қатар олардың жақсы адам болып қалыптасуына көңіл бөлуге тырысамын. Қалт еткен уақытта оқуға кітаптар ұсынып, оқып, оны талқылап та тастаймыз. Бірге кинотеатрға баруға да уақыт табамын. Жақында «Оян, қазақ» фильмін бірге көрдік, шыққаннан соңғы әсерді сөзбен жеткізе алмаймын. Тек қуанғаным, елін, Отанын сүйетін шәкірттеріміздің бар екеніне тағы да көзім жетті.

Сүйсінетінім, үлкенге құрмет жасай алатын, еңбекқор, мамандықтарына жүрек қалауларымен түскен бір толқынды оқытып, тәрбиелеп жүргеніме қуанамын. Өзім жетекшілік жасаған студенттердің де ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау барысында қызығушылықпен ізденіс жасайтынын көріп жүрмін. Тіпті кейде күні бойы зертха-

надан шықпайтын кездері де болады. Осындай студенттер менің алдымда отыр. Олар менің өмірім десем де болады. Бір толқыны кетеді, бір толқыны келеді. Бітірген түлектер еліміздің әр түкпірінен гүл жіберіп, телефон соғып ұстаздар мерекесінде құттықтап жатады. Бұл да бір бақыт. Шәкірт жүрегіне ұмытылмай жазылу - ұстаз үшін ең қымбат, ештеңеге айырбастамайтын сезім дер едім.

3. Қойған сұрағыңыз маған ұнап тұр. Біз «Физика мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша болашақ ұстаздар даярлаймыз. Жыл сайын осы мамандықты таңдаған студенттер саны да артып келеді. Биыл 56 жас түлек біздің білім беру бағдарламамызды таңдады. Бұл жылдағыға қарағанда едәуір жоғары көрсеткіш. Жақында 74 миллион теңгеге үш оқу зертханасын алуға университет басшылығы қолдау білдірді. Заман талабына сай зертханалармен жабдықталу білім сапасын арттыруға зор үлесін тигізетіні сөзсіз.

4. Бала кезімізде үйде кітап өте көп болатын. Кейбіреулердің қолы жетпей жүрген әдебиеттер біздің үйде болатын. Кітап оқу біздің қанымызға сіңген дүние ғой. Қазір көбіне ғылыми тұрғыдан ізденуге қажетті ғылыми кітаптарды оқимын. «Кітап оқымай өткен күн-бекер өткен күн» деген ғой орыстың педагогі В.Сухомлинский. Жақында Әкім Ысқақтың «Адам іздеп жүрмін» кітабын үйдегі балаларыммен бірге оқып аяқтадық.

5. Барлық жерде ақпараттық технологияны меңгеруден жастар алда келеді. Осыған байланысты олардан да ақыл-кеңес сұрап отырамын. Кейбір мәселелерде өте оңтайлы жолдарды тез тауып алады, мәселеге тура қарай алады.

6. Меніңше, адам мамандығын сүюі, оған адал болу керек. Сонда ғана оның қиындығы мен қызығы тепе-теңдікте болады.

Қиындығы жоғары оқу орындарында оқытушыларға өте жоғары талаптар қойылады. Оқытушылықпен қоса ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысу, мерзімді басылымдарға мақалалар шығарып, ғылыми еңбектер жазу керек. Сонымен қатар студенттер мен магистранттардың, мектеп оқушыларының ғылыми зерттеу жұмыстарына жетекшілік етуді де қатар алып жүру үшін отбасына көңіл бөлуге уақыт аз қалып жатады.

Бірақ шәкірттеріміздің кәсіби тұрғыдан жеткен жетістіктерін көріп қуанасың, ләззат аласың, сонымен физикалық тұрғыдан шаршағаның жүрегіңе келіп қонған қуаныштан қайда кеткенін білмей де қаласың. Адам тек қуана, жақсы көре білсе ғана оның өмірі де, жұмысы да, ондағы қиындықтар да жайлы сезім сыйлайды деп ойлаймын.

Ұстаздар мерекесі қарсаңында барша ұстаздар қауымын шын жүреппен құттықтаймын, еңбектеріңіз жемісті болсын! Білімді, сауатты, саналы ұрпағымыз көбейе берсін.

Студенттермен өткен әр минут белсенді эмоцияларға толы

Жамансариева Ләззат, педагогика ғылымдарының кандидаты.

1. Қоғамда, өмірде әр мамандықтың алатын өз орны бар. Мұғалімдік мамандықты барлық мамандықтың ішіндегі ұлық мамандық деп білемін. Сондықтан осы

мамандықты таңдаған әрбір адамның бойында табылуға тиісті қасиеттер болуы қажет. Өз мамандығымды жақсы көру, оны жетік біліп, білгенін шәкірттеріне жан-жақты үйрете білу маңызды деп түсінемін. Және мамандықтың қаншалықты жауапты екендігін түсіне білген абзал. Ең бастысы, берген білімге сай талап қоя білу. Сол талаптың орындалуын үнемі бақылап отыру жақсы ұстаз болуға мүмкіндік беретін негізгі ерекшеліктер деп түсінемін.

2. Университетте 23 жылдан бері жұмыс жасап келемін. Сол уақыт ішінде топ тәлімгері ретінде биыл 6-шы оқу тобын бітірткелі отырмын. Студенттермен тығыз байланыста жұмыс жасаймыз. Әсіресе, дәріс беруден басқа студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарына, ғылыми жобаларға қатысамыз. Былтырғы оқу жылында Балым, Малика деген студенттер бітіріп кетті. Университетішілік ғылыми зерттеу жұмыстарына қатысып жүлделі 2-ші, 3-ші орындар алды. Былтырғы оқу жылында мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын ТО-20/1 оқу тобының студенті Аман Перизат республикалық ЖОО студенттерінің ғылыми зерттеу жұмыстарының байқауында жүлделі 1-ші дәрежелі дипломмен марапатталды. Бітіріп кеткен түлектеріміз Қазақстанның түкпір-түкпірінде және Қызылорданың барлық мектептерінде жұмыс жасайды. Студенттерді өндірістік тәжірибеден өткізуге апарғанда әлі де кездесіп тұрамын. Кейбір студенттер хабарласып тұрады. Өзімізбен бірге әріптес болып жүрген студенттер де бар.

3. Жаңа оқу жылы әрбір мұғалім үшін үлкен мереке. Білім күні демалыстан кейін жұмысқа үлкен қуаныш сезімімен келеміз. Әрине, қандай жаңалықтар болады екен, білім беру жүйесіне байланысты қандай жақсы өзгерістер болады екен, қандай жаңа студенттер келеді екен деген ерекше сезіммен қарсы аламын.

4. Мамандығым педагогика-психология саласы болғандықтан, психологияға қызығатын кісілерге Луиза Хей деген есім жақсы таныс. Мырзақелді Кемелдің аудармасындағы Луиза Хейдің «Көгілдір кітабы»-ның бірінші бөлімін оқып шықтым.

5. Ұстаздың шәкіртке берері көп. Әрине қазір білім алушылар арасында алғыр, ізденімпаз, қызығушылығы жоғары студенттер бар.

6. Біріншіден, бұл мамандықтың артықшылығына тоқталғым келеді. Өз кәсібінді жақсы көрсен шығармашылық қабілетінді жүзеге асыруға болады. Екіншіден, күнделікті студенттермен байланыс жасайсыз. Әр минут белсенді эмоцияларға, қарым-қатынастарға толы болады. Және ең бастысы, шәкірттеріңіздің алғысы. Себебі студенттік өмір алаңсыз, ең бақытты уақыттың белгісі.

Кемшілік деп атап көрсетпеймін. Бірақ, ұстаздық ақыл-ой, күштің үлкен шығынын талап етеді. Бүгін жұмыс күнім аяқталды, бүгін сабақ беріп болдым – деп бетін жауып қоймайсыз. Үйге барғаннан кейін демалу екіталай. Өйткені, қайтадан жұмысқа кірісіп, студенттердің сабаққа қатысуын белгілейсіз, бағаларын қоясыз. Тапсырмалар жүктейсіз, ертеңгі сабаққа дайындаласыз, мақалалар әзірлейсіз. Яғни, күнұзағына тынымсыз жұмыс жасауға тура келетін мамандық.

Раушан САДУОВА

Университеттің ең басты құндылығы – түлектері. Әр салада қызмет етіп, түрлі деңгейдегі жетістіктерді бағындырып жүрген түлектер қашанда университет мақтанышы. Оқу орнынан алған білім-білігін жетілдіріп, нәтижесін көрсетіп жүрген мұндай түлектер көптеп саналады. Ендігі ретте сондай қоғамда өз орнын нақтылап, кейінгі жастарға айтары бар түлектерімізге кезек бермекпіз.



қорғадым. 4 жыл мұғалім, онан соң аудандық білім бөлімінде әдіскер, қазіргі таңда өзім оқыған №202 орта мектепте директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келемін. Бүгінде ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» білім саласының бірінші басшыларының кадрлық резервін қалыптастыру жобасының кандидатымын. Осы жоба аясында «Мектеп басшыларының кадрлық резерві: әлеуеті және стратегиялары» тақырыбындағы біліктілік арттыру курсының «Кәсіби деңгейін» оқудамын. Бұл жобаның мақсаты – «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынып жатқан мектептердің бірінші басшыларының кадрлық мәселесін шешу, заманауи жаңа толқын әкелетін көшбасшы-менеджерлерді қалыптастыру болып табылады.

Оқу орнынан алған білім, білік дағдыларым осылайша менің өмірімдегі оң өзгерістерге өз септігін тигізіп жатыр.

- Егер университеттегі оқуды қайта бастауға мүмкіндік болса, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне

бек ағайым. Ол кісі ғылыми әдебиеттерді сабақпен ұштастырып көп оқытатын. Сондай-ақ, кітаптарды тіл меңгеріп, сыни ойлау қабілеттерімізді дамыту үшін қазақша-орысша оқуымызға талап қоятын. Бізге шыншылдықты, кәсіби адалдықты үйретті. Ағайдың жүрген жерінің өзі қызық. Бізді «тарих» мамандығы бойынша Алматыға республикалық олимпиадаға алып барды. Жұлделі I орын алдық. Қайтарда Алматының кептелісін ескермей пойызға әрең үлгергеніміз бар. Ағайдың өзі жүгіріп ең соңғы вагонға әзер мініп бір қызыққа кенелгенбіз. Сол жеңістен кейін олимпиадаға қатысқан группаластармен бірге «Президенттік стипендия» иегері атандық. Осы бір сәт ерекше есімде қалыпты. Міне, осылайша жетелеп, жетістікке жеткізген ұстаздарымның арқасында бүгін сапалы кәсіби маман болдым деп айта аламын.

- «Мұғалім – мамандық емес, өмір салты» деген ойға көзқарасыңыз?

- Қазір өзім де білім беру саласында қызмет жасап жатқаннан кейін бұл сөзбен толық келісемін. Мұғалім – мәртебелі мамандық.

ҒЫЛЫМҒА ТЕРЕҢДЕГЕН САЙЫН БАСҚА ӘЛЕМГЕ ЕСІК АШЫЛАДЫ

№202 З.Жарқынбаев атындағы орта мектеп директорының ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Каналхан Ермұрат Фаниұлы

- Өзіңіз білім алған оқу орнының қандай артықшылығымен мақтана аласыз?

- Мен 2012-2016 жылдары Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-де «Тарих» мамандығы бойынша (білім гранты) білім алдым. Оқу орнын таңдайтын кезде ата-анаммен бірге көп ойландық. Әрине, көп жастың арманы секілді менің де үлкен қалаларда оқығым келді. Бірақ, қалалардағы өмір әртүрлі болғанымен оқу орындарының беретін білімі бір, оны қабылдап, алып шығу тек өзіңе ғана байланысты деген ойға тоқтадым. «Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала» деген нақылды ұстана отырып Қорқыт Ата университетін таңдадым. Таңдауым қате болмағанын университетке келген соң түсіндім. Жылы, жарық корпусстары, студентке қолайлы асханалары, қолжетімді жатақханалары бар екен. Яғни, үлкен қалалардағы студенттердің ең өзекті мәселелері мұнда толық шешімін тапқан. Сапалы біліммен қатар, өзіңнің потенциалыңды ашуға жағдай жасалған. «Студенттік кеңес» ұйымына мүше болдым, «Жауқазын» жастар театрында актерлық қырымды аштым. Тұрақты түрде студенттік көктем фестивалінде, спартакиадаларда «Тарих, құқық және экономика» факультетінің намысын қорғадық. Бір сөзбен айтқанда, Қорқыт Ата университетінде өткен студенттік уақыт білім, өнер, спорттағы барлық потенциалымды ашып, оны өмірде қолдана білуді үйретті.

- Диплом алғаннан кейін өмірге деген көзқарасыңыз қалай өзгерді? Университеттен кейінгі өміріңізде әлем туралы түсінігіңізді айтарлықтай өзгерткен есте қалатын оқиғалар болды ма?

- 2016 жылы оқу орнын қызыл дипломмен бітіріп, туған жерім Жалағашқа барып мұғалім болып жұмысқа орналастым. Студент кездегі ашылған қырларым әрі қарай жас маман ретінде дамуыма көмектесті. Еңбек жолында жүріп те білім саласындағы түрлі кәсіби байқауларда топ жарып аудан, облыс намысын

қайта келер ме едіңіз? Студенттік өмірден нені өзгертер едіңіз?

- Жақсы сұрақ қойдыңыз... Менде оқуды қайта бастауға болмаса да, жалғастыруға мүмкіндік болды. 2020 жылы алғаш рет магистратураға ҰБТ сияқты тест тапсырып конкурспен қаланы, оқу орнын таңдауға мүмкіндік берілді. Межелі баллды жинап алған соң, тағы да «қайда тапсырам» деген сұрақ туындады. Мен сол кезде ойланбастан бірінші болып Қорқыт Ата атындағы ҚУ-ді таңдап, екінші мәрте «Тарих педагогтерін даярлау» мамандығы бойынша білім грантымен оқуға түстім. 2022 жылы «педагогика ғылымдарының магистрі» дәрежесін иелендім.

Өзгертетін болсам, студенттік өмірде ойын-сауықты азайтып, уақытымды ғылымға арнауға көбірек көңіл бөлер едім. Әлемді таныған сайын, ғылымның ішіне тереңдеген сайын саған басқа әлем ашылатынына көзім жетті. Сондықтан осы дүниені бірінші кезекте өзім де қолға алар едім.

- Студенттік өмірден жадыңызда не қалды? Балаларыңызға не туралы айтасыз? Университеттің оқытушылары мен қызметкерлерінің арасында есіңізде қалғаны бар ма? Кімге және не үшін ризасыз?

- Студенттік өмір өте қарбаласты, қызық өтті. Бала болып келген Ермұратты тұлға болуға тәрбиелеген көптеген ұстаздар болды. Барлығына рақметімді айтамын. Есімде ерекше қалған ұстаздарым: кураторым Сәтбай Тастанбек, Өткелбаев Қыдыр ағай. Ғылымға баулап нағыз ғалым адамның үлгісін көрсеткен Тәжекеев Әзілхан, Садықова Жайна, потенциалымды ашып қолдаған кафедра меңгерушісі Қараманова Минсара апай, өнер, спорт, көшбасшылыққа жетелеген факультет деканы Дүзелбаева Гүлшат апайларым болды. Аталған ұстаздарым менің қазіргі заман дағдыларын меңгерген кәсіби маман болып қалыптасуыма әрқайсысы өзіндік үлес қосып, үлкен өмірге бағыттап жіберді.

Кәсіби тарихшы ретіндегі тұлғамның қалыптасуына ең көп ықпал еткен тарих ғылымдарының докторы Сәтбай Тастан-

Соңғы кездері заң шеңберінде ресми статусы бекітіліп, құқықтары қорғалып, мемлекет тарапынан ерекше қолдауға ие болып отыр. Мұғалім - елдің болашағын қалыптастырушы негізгі құрал. Ия, мұғалім өмір бойы ізденеді, күн демей, түн демей оқиды. Сол себепті, өмір салты деп есептеймін. Бастысы жүреппен жұмыс жасау керек. Ұстаз бар білімін, мейірімін алдында отырған балаға төксе ол бала мемлекеттің келешегін айқындайды. Қазір дұрыс бағыт-бағдар берілсе еліміздің болашағына алаңдамауға болады. Сондықтан да, ұстаздық - жүректі де жауапты мамандық.

- Болашақ жоспарлар. Неге қол жеткізгіңіз келеді?

- Менің алға қойған мақсатым - туған жерге, елге қызмет ету. Сол мақсатта үнемі іздену, дамудамын. Алаш арыстарының елге, ұлтқа қызмет ету ұстанымдарын көп қараймын. Бойымдағы ел игілігі үшін қызмет етуге жарамды қабілетті толыққанды пайдалансам деймін. Мемлекетімізді әлемдік деңгейге танытқым келеді. Қазақстанның Финляндия, Жапония елдері секілді үздіктердің қатарынан орын алғанын қалаймын. Соған өзімнің үлесімді қоссам деймін. Болашаққа қойған ұзақ мерзімді кәсіби жоспарларым осындай.

- Университеттің студенттеріне қандай тілек айтар едіңіз?

- Іні-қарындастарыма ең қызық студенттік шақты естен кетпестей өткізіңіздер дегім келеді. Сабақты да оқыңыздар, ғылыммен де айналысыңыздар, ойын-сауыққа да үлгеріңіздер. Қазіргі жылдам өзгеріп жатқан заманда мобильді болу - қажеттілік. Бәрін реттеп жүру қажет. Осы кезден алға қойған мақсаттарыңыз айқын болсын. Сол мақсатқа жетуде өздеріңізді аямаңыздар. Сонда ғана болашақтарыңыз жарқын болады. Оқу орындарыңыздың намысын, туған жердің намысын, еліміздің намысын халықаралық деңгейде биік ұстайтын мықты тұлға болыңыздар!

- Рақымет!

**Әңгімелескен:
Гүлшат ДҮЗЕЛБАЕВА
Түлектер қауымдастығының төрайымы**

Студенттік өмір – бұл әлемді жан-жақты танытын уақыт. Аталмыш кезең тек оқумен, емтихандармен емес, сонымен бірге ерекше сәттермен, тәжірибелермен және жаңа таныстықтармен есте қалатыны сөзсіз. Студенттік өмірдің қызығы мен шыжығы туралы қанша айтсақ та таусылмасы хақ. Жоғары білім ордасына аяқ басқандарына 2 ай ғана болған 1-курс студенттеріне айтарымыз көп. Осы тұста университетіміздің жастарымен тікелей байланыста жұмыс істейтін жандар туралы айтуды жөн көрдік.



Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде Жастар ісі жөніндегі комитет жұмыс істейді. Мақсаты – жастардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуына жәрдемдесу және олардың дамуы үшін қолайлы жағдаймен қамтамасыз етуге ұмтылу. Комитет жастар үшін білім берудің қолжетімділігі мен сапасын арттыру бойынша әрекет жасайды. Сондай-ақ, білім алушылардың уақыттарын тиімді әрі қызықты өткізуіне басты назар аударады. Жастарға арналған іс-шаралар, науқандар ұйымдастырумен қатар волонтерлік жобаларға қатысуға жағдай жасайды. Жастар ісі жөніндегі комитет жас ұрпақты қоғамның дамуына үлес қоса алатын тұлға болуға ұмтылдырады.

Жаңа оқу жылы қарсаңында университеттің Жастар ісі жөніндегі комитетінің төрағасы қызметіне Нұртілеу Жорабек сайланды. Қазіргі уақытта ол «Журналистика және репортер ісі» мамандығының 4-курс студенті. Нұртілеу Күмісбекұлы 2021-2022 жылдары Гуманитарлық-педагогикалық институтының студенттік кеңес төрағасы болды. Сонымен бірге, университет жайдарманшыларынан құралған «Q құрамасы» командасының жетекшісі. Командасымен бірге облыстық, республикалық сайыстардан жетістіктерге қол жеткізді.

«Жастар ісі жөніндегі комитетінің төрағасы лауазымына келуім – бұл жастар саясатына жасаған нық қадамым. Алдағы уақытқа жоспарлар бар. Бұрын жасалмаған дүниелер жасап, студенттердің жанашыры болғым келеді. Жан-жақты бағыттарда өзін-өзі басқару үлгісін ұсынып, жастар комитетінің жаңа деңгейге көтерілуіне өз үлесімді қоссам деймін», - дейді Нұртілеу Күмісбекұлы.

Университетте 5 институт бар. Әр институтта арнайы студенттік кеңес төрағалары тағайындалған.



Гуманитарлық-педагогикалық институты

Студенттік кеңес төрағасы – Шопанбай Мейірхан Мейрамбекұлы. Мағжан Жұмабаев атындағы №212 мектеп-гимнази-

ясын 2021 жылы алтын белгіге тәмамдаған. Қазіргі таңда университеттің 3-курс студенті. Белсенділігімен көзге түсіп, университет төсбелгісімен марапатталған. Мейірхан Мейрамбекұлы Гуманитарлық-педагогикалық институтында танымдық шаралар ұйымдастыратын белсенді студенттерге алғыс білдіретінін жеткізді.



Жаратылыстану институты

Жаратылыстану институтының студенттік кеңес төрағасы – Бекетова Мөлдір Нұрланқызы. Университеттің 3-курс студенті, болашақ биология пәнінің мұғалімі. Студенттік өмірінің алғашқы жылында үздік оқу үлгерімімен көзге түскен ол оқу тобының топбасшысы атанып, кейіннен студенттік кәсіпкерлікті дәріптейтін «Enactus Korkyt Ata» ұйымының спикері атанды. Белсенділігінің арқасында Enactus командасымен бірге республикалық сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Астана қаласында өткен «Enactus Kazakhstan National Expo 2022» республикалық жобалар сайысында 700 мың теңге және Алматыда өткен республикалық форумда жоба спикері болып, әлеуметтік жобалар арасында 1-орын иеленді. «Жас Star Grants Program» жобасының финалисті. Қазіргі таңда студенттік кеңес төрағасы қызметімен бірге Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасының орынбасары.

«Студенттік кезең тез өтеді екен. Кеше ғана мен де 1-курс студенті атанғаныма мез болып жүрген едім. Бүгінгі күнде жоғарғы курс студенті атандым. Осы уақыт аралығында университетіміздің білікті ұстаздарының арқасында өмірлік азық болатын құнды білім алдық. Осы жылы университетке алғаш қадам басқан студенттерге сәттілік тілеймін. Біздің есігіміз сіздерге әрдайым ашық!» - деді Мөлдір Нұрланқызы.

Экономика және құқық институты

Студенттік кеңес төрағасы – Бегзада Сұлтан Бердалиұлы. Ю-21-3 оқу тобының студенті. Өткен жылдың қараша айынан бастап Экономика және құқық институтының студенттік кеңес төрағасы лауазымында.

«Университет қабырғасында білім алумен қатар белсенді өмірге қалыптастым. Белсенді студент болу мені жауапкершілік пен тиянақтылыққа үйретті. Әлі де үйренерім көп. Ұстаздарым мен достарыма алғыс айтамын» - деді Бегзада Сұлтан.

Айта кетейік, 2022 жылы өткен институтаралық «Студенттік көктем» байқауында Экономика және құқық институты бас жүлде иеленді.

Инженерлі-технологиялық институты

Жаңа оқу жылында Инженерлі-технологиялық институтының студенттік кеңес төрағасы болып Бақтыбаев Жансұлтан



бірі. Жансұлтан тілейміз!



Педагогика және дәстүрлі өнер институты

Педагогика және дәстүрлі өнер институтының студенттік кеңес төрағасы – Карл Нұрай Тельманқызы. Ол «Музыкалық білім беру» БББ 4-курсында білім алуа.

«Студент атанғаным биыл 4-ші жыл. Студенттік өмір маған жаңа дағдылар, жаңа мүмкіндіктер сыйлады, белсенділікті бірге алып жүруіме себепкер болды. Қазіргі таңда, студенттік кеңес төрағасы ретінде қатарымызға қосылған 1-курс студенттерімен жұмыс жасап, бірнеше мамандықта оқитын студенттерді біріктіру, алға жетелеу – менің хоббиім. Педагог болғандықтан әр студенттің көзқарасы мен пікіріне мән беріп, жеке шекараларын сыйлау және сақтау маңызды. Өзімнен кейінгі университетіміздің белсенді жастарына сәттілік тілеймін!», - деді Нұрай Тельманқызы.

Жас дос, сіздерге біздің активист студенттерді таныстырғанымызға қуаныштымыз. Жастар ісі комитетінің төрағасы, студенттік кеңес төрағалары сіздермен танысып, жұмыс жасауға әрдайым дайын.

Оқу жылдарыңызға сәттілік тілейміз!

Алия ТАДЖИБАЙ
Ж-21-1 оқу тобының студенті



Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті тексеріліп, №KZ29VPY0007786 куәлігі берілген.

Бас редактор:
Қ.Ә.Омаров

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.С.КӘРІМОВА - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры
М.Ә.БОРІБАЕВА - Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор
Ж.Н.БАЗАРТАЙ - әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор
Г.ДҮЗЕЛБАЕВА Түлектер қауымдастығының төрайымы

Жауапты хатшы:

Раушан
Кенжетайқызы

Техникалық редактор:
Асқар
Алданышұлы

SYR TULEGI
student jastar gazeti
1992 жылдан мамырынан бастап шығалды

Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.